



РЕСМИ

Тасқыннан қорғандың тастүйін үлгісі

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен су тасқынына қарсы іс-шараларды үйлестіру жөніндегі республикалық штаб отырысында Қазақстанда қарғынға қарсы онтайлы шараларды алдын ала іске асырған өңірлер бар екендігі, сондықтан, қауіптің салдары соншалық жойқын болмағаны ескерілді. Сол өңірлер ішінде Қарағанды облысы да бар.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҮЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

«Мәселен, өңірде судың едәуір екпініне қарамастан, елді мекендерді су басу аз», – деп өтті Үкімет басшысы. Бұл 6-7 жыл бұрын ауылдардың айналасында тиісінше бөгеттер салынып, бұру арналары қазылғандығына тікелей байланысты. Бұндай қолжетімді шешімдер тиімді екендігі дәлелденді.

Аймақта су тасқынына қарсы іс-шаралардың республикалық Жол картасы және облыстық инженерлік жұмыстар жоспары бойынша 20 елді мекен аумағында 90-ға жуық қауіпсіздік іс-шарасы іске асқан. Сәйкесінше, сақтық амалдар жер-жерді су басу қаупінен барынша сақтандырған. Өткен жылдан бастап, облыс бойынша 8 шақырымға жуық қорғаныс бөгеттері мен арнаулы қорғандар тұрғызылып, нығайтылған. Өзен арналарының 45 шақырымдық қауіпті деп саналған учаскелеріне санация жүргізілді. Сонымен қатар, 54 су шаруашылығы нысаны жөндеуден өтті. Автомобиль жолдарының 66 учаскесінде су өткізу мүмкіндігі күшейтілген.

Премьер-Министр әрбір елді мекен бойынша Қарағанды облысының табысты үлгісіне сүйене отырып, штаб отырысында осы жылдың күзіне дейін жойқын су тасқынын болдырмау үшін қажетті шараларды шұғыл қабылдауды тапсырды.

ПРЕЗИДЕНТ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ

Үмітті үкілендірген Үндеу

Апат, оның ішінде табиғи апат айтып келмейді. Бірақ, қол қусырып отыра бермей, қай нәрсе болса да мұқият зерттеліп, зерделеніп, келтіретін шығыны мен тудырар қиындығы жан-жақты сараланып, қорғандың тиісті әдістері жасалса, қандай апаттың да алдын алуға болады. Қамсыздық қапыда қалдырмас үшін, құзырлы орган кез келген жағдайға әзір болса керек-ті. Оның үстіне жауған қардың ерімей тұрмайтыны тағы бар. Еліміздің он аймағында су тасқынына байланысты төтенше жағдай жариялануы – осының салдары. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев осы жағдайға байланысты ел азаматтарына Үндеу жариялап, апаттардың алдын алу жұмысындағы кемшіліктердің бір екенін баса айтты.

Салтанат ІЛІЯШ, «Ortalyq Qazaqstan»

– Құрметті отандастар! Бүгін мен еліміздің азаматтарына арнайы Үндеуімді жолдап отырмын. Баршаңызға белгілі, қазір елімізде күрделі жағдай қалыптасып отыр. Қардың күрт еруіне байланысты аймақтарда су тасқыны болып жатыр. Бұл – табиғи апат. Мұндай ахуал ұзақ жылдан бері болмаған. Бұл көлемі жағынан соңғы 80 жылдан бергі ең ірі табиғи апат деуге болады, – деді Мемлекет басшысы.

Бүгінде су тасқынына байланысты еліміздің он аймағында төтенше жағдай жарияланған. Қасым-Жомарт Кемелұлы Абай, Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Ұлытау облыстарында атқарушы органдар жіберген оқшылықтарды түзету үшін шұғыл тапсырмалар бергеніне де тоқталды.

Сондай-ақ, қазір барлық қажетті шаралар қабылданды. Үкімет те қарғын судың салдарын жоюға бар күшін салуда.

Қасым-Жомарт Тоқаев Премьер-Министр бастаған республикалық штаб құрылғанын да еске салды. Үкімет басшысы да, оның орынбасарлары да, төтенше жағдайлар министрі де зардап шеккен аймақтарға барады. Жергілікті жерлердегі барлық құтқару жұмыстары Мемлекет басшысының жеке бақылауында.

– Су тасқынымен күресуге Төтенше жағдайлар министрлігінің барлық ресурстары тартылды. Сондай-ақ, құтқару жұмыстарына Ішкі істер министрлігі, Ұлттық Ұлан, Қарулы Күштер және Ұлттық белсенде атсалысып жатыр. Зардап шеккен аймақтардың әкімдіктері күндіз-түні жұмыс істеуде. Ондаған мың волонтерлер



Сурет: Akmed.kz/cabinet

де көмектесіп жүр, – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Президент Үндеуінде ең бастысы – азаматтардың амандығы екенін баса айтты. Жағдайдың күрделілігіне қарамастан, қиындықты еңсеретінімізді, барлығы қалпына келетінін де еске салды. Яғни, мемлекеттің басты байлығы – адам десек, зардап шеккендердің ешқайсысы мемлекет назарынан тыс қалмақ емес. Ал, су тасқынынан келген материалдық шығын толық өтеледі.

Бірақ, Мемлекет басшысы ең алдымен алапат су тасқынынан тиісті қорытынды шығару керектігін де айтып отыр. «Жіберілген оқшылықтарды түзетіп, тиісті сабақ алуымыз қажет. Ал, ондай сабақтар аз емес» деді Қасым-Жомарт Кемелұлы. Ол үшін алдымен апаттардың алдын алу жұмысындағы кемшіліктен бастап, су шаруашылығы мамандарының тапшылығымен қатар, табиғатқа немқұрайлы қарау проблемасы да шығады.

Үндеу барысында Президент тоқталған тағы бір мәселе – Үкімет және жергілікті атқарушы органдарды су тасқынымен күресті тиімді ұйымдастыру. Әлбетте, бұл ретте барлық құрылымдар жұмыла әрекет еткенде ғана, тиісті нәтижелерге қол жеткізуге болады.

– Су басқан аймақтарда құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету керек. Менің бұйрығыммен апатқа қарсы күреске Қорғаныс министрлігі қосымша әскери күштерін жолдайды. Халыққа көмек көрсету үшін Үкіметке мемлекеттік материалдық резервті пайдалануды тапсырамын, – деді ол.

Ал, Үкімет болса, шығындарды өтеудің тиімді жолдарын шұғыл қарастыруы тиіс болады. Бұл ретте, өтемақы шығынды толық жабуы керек. Президенттің тапсырмасы бойынша Үкімет басшысының орынбасарлары жағдайы неғұрлым күрделі аймақтардағы жұмыстарды өздері ұйымдастырады. Яғни, ол үшін аймақтарға шығып, ахуал түзелгенше сол жерде болады.

– Ақпараттық штаб азаматтарды мемлекет қабылдап жатқан барлық шаралар жөнінде үздіксіз және жан-жақты хабарлар етіп отыруға тиіс. Бұқаралық ақпарат құралдарына, белсенді азаматтарға және блогерлерге айтарым, жұртты дүрбелеңге салатын жалған ақпараттарды таратпау қажет. Қазіргі уақытта билік пен қоғамды ұйыстыратын әрекеттер жасау аса маңызды. Азаматтарды тек қана ресми ақпарат көздеріне сүйенуге шақырамын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Елімізде орын алған жағдайға қарамастан, Мемлекет басшысы қиындықты бірге жеңетінімізге сенім білдірді. Әлбетте, ол үшін қиын-қыстау кезде бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығару айрықша маңызды.

– Құтқарушыларға, тәртіп сақшыларына, волонтерлерге және апатпен күресуге атсалысып жатқан барша жұртқа алғысымды айтамын. Бір ел, бір халық болып жұмылып, бұл апатты еңсереміз. Бұл біздің қолымыздан келеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ӨНЕРКӘСІП

Отандық өнімнің жаңа деңгейі

Облысқа өңірлік даму және бақылау басқармасының басшысы Берік Жәкенов бастаған Үкімет аппаратының делегациясы келді. Алқа мүшелері облыстағы бірнеше іргелі кәсіпорнды, оның ішінде, Абай тігін фабрикасын, сондай-ақ, автобус шығаратын QazTehna мен тұрмыстық техника шығаратын Silk Road electronics зауыттарын аралады.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҮЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Аймақта 1200-ге тарта кәсіпорын болса, оның басым бөлігі шағын және орта бизнеске тиесілі. Бизнесі жүргізудің жеңілдігі бойынша ұлттық рейтингте облыс республика бойынша екінші орында. Өнеркәсіпті дамыту және импортты алмастыратын жаңа өндірістерді құру әлеуеті де жоғары.

Үкімет аппаратының делегациясы Sagan индустриялық аймағына ат басын бұрып, автобустар мен тұрмыстық техника шығаратын зауыттардың өндірістік үдерісімен етене танысты. Мәселен, жаңа Silk Road электроника зауыты қазірдің өзінде 32 мыңға жуық кір жуғыш

машина шығарған. Зауыт, мұнымен қатар, газ плита, теледидар, шағын пеш, шансорғыш, су жылытқыштар құрап шығарады. Шикізат Ресейден, Өзбекстаннан, Қытайдан, Кореядан тасымалданады. Ендігіде Samsung компаниясымен жедел жұмысты бастап, Германия нарығына шығу жоспары бар.

QazTehna автобус және арнайы техника зауытының жобалық қуаты жылына 1200 автобусты құрап шығарарлық әлеуеті бар. Қосымша 700 жұмыс орны ашылды. Былтыр Қазақстандағы нарық үлесі – 67% көлемінде. Бүгінде қажетті металл ірі компаниялардан сатып алынады. Үкімет аппаратының өкілдері шағын кәсіпорындармен жұмысты бастау арқылы бәсекелестік орта



құруды ұсынды. Быыл Абай тігін фабрикасы Қазақстанның ішкі нарығына 400 миллион теңгелік өнімін сатқан еді. Жұмыс киімдері үшін отандық өндіруші Azala матасы қолданылады. Фабрика директоры Нұрхан Жұмабековтің айтуынша, өзекті мәселенің бірі – тігіншілердің жетіспеушілігі. Қазір мұнда 100 адам

жұмыс істейді, ал, тігін ошағы әлі 700-дей адамды жұмысқа қабылдауға әзір. Колледж студенттерін оқыту мәселесі онтайлы шешілді, зауыт бригадирлері жас шәкірттерді

өндіріс аумағының өзінде оқытатын болады.

Кәсіпорын басшылары отандық өнімнің нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыратын бірқатар тиімді шаралар легін ұсынды. Өз кезегінде делегация мүшелері қазақстандық қамтуды арттыру қажеттігін де ерекше атап өтті.

– Біздің басты міндетіміз – жергілікті өнім өндіруді арттыруға қолайлы жағдай жасау. Импортты алмастыратын жаңа өндірістерді құруды ынталандыру үшін шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдаудың барлық шараларын қамтамасыз ету қажет, – деп тұжырдаты сөзін Берік Жәкенов.

Осылайша, Үкімет аппараты делегациясының Қарағанды облысына сапары өңірдің өнеркәсіпті дамытудағы және экономикалық тұрақтылықты нығайтудағы басым бағыттарын тағы бір мәрте айқындады.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2024 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жалғасуда. Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, редакцияда ресімдеуге болады.

Санаты	Мерзімі	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша ҚАЛА	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша АУДАН / АУЫЛ
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға	5827,65 тт	5891,70 тт
Жеке жазылушылар үшін	6 айға	3079,65 тт	3083,70 тт

Қарағанды қ.

Ермеков к., № 33, 8 қабат, 88 каб.

Анықтама телефондары:

Сағыныш – 8-702-638-56-85

Нұрсұлу – 8-705-902-04-05

Тел.: 43-57-89

E-mail: ot.del.pochtovyy@bk.ru



Ешкім ескерусіз қалмайды

Қарғын су тасып, Шет ауданының бірнеше ауылына су кірген еді. Уақытылы қабылданған шаралардың арқасында тасқын судың беті қайтарылды. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Шет ауданына арнайы барып, су тасқынынан зардап шеккен тұрғындармен кездесті. Сапар барысында төтенше жағдайларды жою жөніндегі штабтың отырысын өткізді. Комиссияға төтенше жағдайдың салдарын жою бағытында барлық шараны қабылдап, дүйсенбіге дейін келтірілген шығынды бағалау жұмысын аяқтауды мұқият тапсырды.



– Қазіргі таңда аудандық комиссия белсенді жұмыс істеп жатыр. Үйлерді техникалық тексеру аяқталды. Оны аккредиттелген ұйым жүргізеді. Бекітілген төлемді келесі аптада бастаймыз. Бұдан бөлек, зардап шеккендерге 100 АЕК көлемінде біржолғы материалдық көмек көрсетілетінін атап айту керек, – деді Шет ауданының әкімі Мұхит Мұхтаров.

Сонымен қатар, тасқыннан зардап шеккен тұрғындардың үй сатып алу немесе салу мәселесі қарастырылуда.

Құрамына ветеринариялық станцияның мамандары кірген комиссия мал шығынын да анықтады. Атап айтсақ, су тасқынынан 111 бас мал, оның ішінде, 22 жылқы, 72 ұсақ мал және 17 ірі қара өлген. Келтірілген шығын

мал иелеріне өтеледі.

Сондай-ақ, аудан аумағындағы су тасқыны орын алған ішкі жолдарды қалпына келтіру жұмыстары басталып кеткен.

Аудандағы ауылдарда су тасқыны кезінде 39 мың текше метр еріген су сорылып, 45 мың қап құм төселіп, қорғаныс оқпанда

рын нығайтуға 2,5 мың тонна инертті материал жұмсалыпты.

Ермағанбет Қабулаулы Қайрақты ауылына барып, жағдаймен танысты. Су басқан үйлерді аралап, тұрғындармен тілдесті.

– Қызыл судың зияны тиген бірде-бір тұрғын үйсіз қалмайды. Барлық қажетті көмек көрсетіледі, – деп атап өтті облыс әкімі.

Қазірдің өзінде Қайрақты



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

ауылындағы үйлерін су басқан тұрғындарды көмірмен қамтамасыз ету басталып та кеткен.

Су тасқынынан зардап шеккендерге алаңдаулы қазақстандықтар да қол ұшын беріп жатқанын айта кеткен жөн. Нақты айтсақ, Шет ауданындағы ауылдарға кәсіпкерлердің, Қарағанды облысы Қазақстан халқы Ассамблеясының, қоғамдық қорлар мен басқа да құрылымдардың қайырымдылық көмектері жеткізілді.

– 29 наурызда ауылға су кірді. Сол күннен бері жергілікті билік пен құтқарушылар үнемі біздің жанымызда болды. Қажетті көмекті көрсетіп, айналма жолды қалпына келтіріп жатыр. Келтірілген шығынды анықтау жұмыстары жүргізілуде. Бізге гуманитарлық көмек жинаған қамқор тұрғындарға алғысымыз шексіз. Бұл – табиғи құбылыс, сондықтан, ешкімді кінәлауға болмайды. Үйімді, гаражымды су басты, қорам бұзылды. Өйтеуір малым аман қалды. Дер кезінде қауіпсіз жерге апарып үлгердік. Табиғи апат кезінде халықпен бірге болған аудан, облыс әкімдігіне мың алғыс айтамыз, – дейді Қайрақты ауылының тұрғыны Талғат Әбжанов.

Өз тілшімізден

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

Қауіп артта қалды

Қарағанды – су тасқынына байланысты төтенше жағдай жарияланған он аймақтың бірі. Атап айтқанда, үш елді мекені су астында қалған Шет ауданында жағдай күрделенуіне байланысты осындай шешім қабылданған болатын. Қазір жағдай тұрақты. Төтенше жағдайлар департаменті базасында департаменттер, басқармалар мен әкімдік қызметкерлерінен құрылған су тасқынына қарсы штаб тәулік бойы жұмыс жасап, адам шығынысыз апаттың бетін қайтарды. Осыған байланысты облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев әлеуметтік желідегі парақшасында тұрғындарға жүгінді.

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Құрметті жерлестер! Облыста су тасқынының қауіпті кезеңі өтті. Өзара бірлігіміздің арқасында біз облысымызда су тасқынының залалын барынша азайттық. Бұл үшін қажетті барлық шаралар жасалды. Мен құтқарушыларымызға, полицияға, әскерилер мен еріктілерге, кәсіпкерлер мен мердігер ұйымдарға және тұрғындарға су тасқынына қарсы шараларға белсенді қатысқаны үшін алғысымызды білдіремін. Бүгінде 237

мыс жүргізетін боламыз. Тағы да қайталаймын, біз барлық шығынды қалпына келтіруге көмектесеміз. Бұл жұмыстар басталып кетті, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Облыс басшысы ауылдарды су басып қалмас үшін облыстық маңызы бар үш жолды қазуға мәжбүр болғанын да айтты. Бүгінде олардың екеуі қалпына келген. Су шайып кеткен сегіз жолдың төртеуі жөнделген.

Сондықтан, Ермағанбет Қабулаулы жол қозғалысында қиындықтар туындауына



гидротехникалық құрылыстар үздіксіз жұмыс істеп, қажетті су көлемін қабылдады, – деді аймақ басшысы.

Ермағанбет Бөлекпаев биыл Шерубай-Нұра су қоймасы арқылы 256 млн., ал, Самарқанд және Ынтымақ су қоймаларынан 410 млн. текше метр су ағызылғанына да тоқталды. Айтуынша, мұндай көлемді су тасқынына да төткен адамдар сол жылы су тасқыны салдарының қандай болғанын біледі.

– Бұл ретте бұрын қабылданған шаралардың су тасқыны салдарын азайтуда маңызды рөл атқарғанын атап өткім келеді. Әрине, біз штаттан тыс туындаған жағдайларға алдағы уақытта жол бермеу үшін жү-

байланысты тұрғындардан шыдамдылық танытуды сұрады. Бұзылған жолдардың барлығы қысқа мерзімде қалпына келтірілмек.

– Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарындағы, Қостанайдағы күрделі жағдайды ескере отырып, біз әріптестерімізге қолдау көрсетуге дайынбыз. Осы ретте біздің жерлестерімізді, отандастарымызды және кәсіпкерлерді қолдау білдіруге шақырамын. Қазіргі жағдайда бірлігімізді танытып, қолдау көрсету аса маңызды, – деп аяқтады сөзін облыс басшысы әлеуметтік желіде.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Қарғын қарқыны бәсеңдеді

Көктемгі су тасқынының алдын алу жұмыстары аясында аймақтағы 20 елді мекен аумағында 90 шара іске асты. Бұл өз кезегінде ауқымды су тасқынының қарқынын төмендетуге мүмкіндік берді. Орын алған жағдайды барынша аз шығынмен өтеудегі шаралар жайлы облыс әкімінің орынбасары Бауыржан Асанов «24 KZ» арнасының эфирінде айтып берді.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Көп жағдайда тосыннан орын алатын оқиғаларға күзде топырақтың ылғалдануы, жердің қатуы, күндізгі және түндегі ауаның жылы болуы өз әсерін тигізеді. Алайда 2015 жылы болған ауқымды су тасқынынан соң іске асырылған жұмыстардың нәтижесінде, соңғы жеті жылда 122 елді мекенде су жүру қаупін төмендетуге мүмкіндік туды, – деді Бауыржан Асанов.

Облыс әкімі орынбасарының айтуынша, өткен жылдан бері облыс бойынша 8 шақырым қорғаныс білігі мен дамба орнатылып, өзен арналарының су көтерілу қаупі бар 45 шақырым учаскелері тазартылды. Бұған қоса 54 су шаруашылығы нысандары жөнделді. Автожолдардың 66 учаскесінде су өткізу мүмкіндігі ұлғайтылды. Су тасқыны алдында инертті материалдар мен қаптар әзірленді. Елді мекендерден 3 млн. текше метр қар шығарылды. Дегенмен де су

тасқыны ауқымды болды. Үш су қоймасы арқылы 600 млн. текше метр су өткен. Мұндай көлемде су соңғы рет 2017 жылы тіркелген.

Қазіргі таңда облыста су тасқыны бәсеңдеді, жағдай тұрақты. Су басқан ауылдарды қайта қалпына келтіру жұмыстары басталды. Комиссия залал көлемін есептеуді аяқтады. Үйлерді сатып алу немесе салу мәселесі қарастырылуда.

– Барлық зардап шеккендерге жан-жақты қолдау көрсетіледі. Зардап шеккен тұрғындардың жағдайын қалыпқа келтіру үшін қажетті шаралар қолданылуда. Ауызбірліктің арқасында су тасқыны барынша минималды шығынмен өтуі үшін барлық шараларды қолдана алдық. Бүгінгі

таңда барлық 237 гидротехникалық нысандар іркіліссіз жұмыс істеуде. Қажетті су көлемімен толықтырылған. Ауылдарды су басып кетпеуі үшін облыстық маңызы бар үш жолды қазуға тура келді, оның екеуі қайта қалпына келтірілді. Сегіз жолды су шайып кетті, оның төртеуі қалыпқа келтірілді. Сондықтан әзірге көлік қозғалысында қиындық туындауы мүмкін. Сабырлық танытып, түсіністікпен қарауларыңызды сұраймыз. Оларды қалыпқа келтіру үшін нақты шаралар қолданудамыз, – деп мәлім етті Бауыржан Қоңырбайұлы.

Облыс әкімінің орынбасары күні-түні тынымсыз еңбек еткен құтқарушылар, әскерилер, еріктілерге алғыс білдірді.

Құндылықтарды қорлаудан асқан азғындық жоқ

Балаларды жастайынан қоршаған ортаны, мемлекет меншігін, қоғамдық мүлікті құрметтеуге тәрбиелеу керек. Кез келген дертпен күресудегі сияқты, қоғамдағы вандализмнің салдарын емдеп, оның алдын алу тиімді. Елімізде «вандализм» ұғымы көп жағдайда жастармен тікелей байланысты. Мемлекет басшысы Ұлттық Құрылтайдың үшінші отырысында вандализм қоғамда жағымсыз құбылысқа айналғанын ерекше қызығалыспен атап өтті.

– Тағы бір кесел, бұл – вандализм. Оңкішке қарай, қоғамдық мүліктен бастап, мыңжылдық мәдени мұраларға дейін – бәрін жаппай бүлдіру кейінгі кезде әдетке айналған. Бурабайдағы Жұмбақтасты, Баянауылдағы Кемпіртасты қараңыздар. Ең жауһар жерлеріміздің сұлулығы шимайдың астында қалып жатыр. Үйдегі лифтіні, ауладағы ойын алаңын, көшедегі аялдаманы қиратудың қандай қисыны бар?! Мұның бәрі – барып тұрған тәртіпсіздік, мәдениетсіздік, – деді Президент.

Көп жағдайда қоғамдағы адамдардың жұмыссыз жүруі және әлеуметтік шиеленістің жоғары деңгейі вандализмді өршітеді. Жүздеген жастардың орындықтарды сындырып, қокыс жәшіктерін қиратып, ғимараттардың қасбеттеріне ғана емес, тіпті, ескерткіштерге де әдепсіз сөздер жазып жүргенін көріп жүрміз. Балалар алаңдарында еткеншектер, спорт алаңдарында баскетбол шенберлерін сындыру арқылы қоғамдық құндылықтарды аяққа таптауда. Осындай оқиғалардың алдын алу үшін «вандализм» мәселесі кешенді түрде шешілуі керек. Көп жағдайда құқық

бұзушылықтарды көбінесе НЕЕТ жастары жасайтыны байқалатындықтан, жастарды қоғамдық жұмысқа тартудың мәселені шешуде



тиімділігі басым. Вандализмнің алдын алу үшін не істеу керек? Біріншіден, мектеп оқушыларын, жасөспірімдерді туған елдің Рәміздеріне, тарихи жәдігер-

леріне, әрбір мүлкіне құрметпен қарауға, сақтауға баулу керек. Бұл орайда Мемлекет басшысы Құрылтайда өскелең ұрпақты тәрбиесіне назар аударып, маңызды және пайдалы дағдылардың барлығын бала кезден қалыптастыруды тапсырды.

– Мектепте оқушылардың тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ететін дәрістер оқытылуға тиіс. Жастар ақпаратты қорыта білуді, уақытын дұрыс пайда-

Қасым-Жомарт Тоқаев.

Ал, екіншіден заң талабын күшейту жұмыстарын дереу қолға алған тиімді. Бүгінде әлеуметтік желілерде вандализмге қарсы ағарту жұмыстарын күшейтуге басымдық берілгенін байқап жүрміз. Алайда, ресми органдар елімізде ескерткіштерді қирату, түрлі нысандарды бүлдіру, сындыру фактілері жиіленгенін айтты. Былтыр вандализм жасаған 5 мыңнан аса адам анықталған. Ішкі істер ми-

мыстары жалғаса, қоғам болып бұзақылыққа тұсау қойылар күн жақын.

Осы орайда бейберекеттікке салынған жастарға әкімшілік айыппұлдардың мөлшерін бірнеше есе арттырған да тиімді. Ақшалай жазалаудан бөлек, көше тазалау түріндегі қоғамдық жұмыстарды енгізген дұрыс.

Үшіншіден, жастарды тарихи ескерткіштер аясында жүргізілетін игі істерге жұмылдыру керек. Өзі еңбектеніп істеген дүниесін қайтадан қиратуға ешкімнің жүрегі дауаламайды. Сондықтан, еліміздің еңселі ескерткіштеріне құрметпен қарауды жастардың санасына тереннен сіңіру үшін еңбекке араластырылған жөн. Сонда ғана жастар, барша қазақстандық ескерткіштердің ұлттық бірегейлікті қалыптастыратын мұра екенін ескеріп жүреді.

Осы орайда Мемлекет басшысы Ұлттық Құрылтайда «Өркеніетті елдің әрбір азаматы қоғам мүлкін өз мүлкіндей қорғауы керек. Дүние жүзінде, нақты айтқанда, Жапонияда, Оңтүстік Кореяда, Қытайда, Сингапурда жағымды мысалдар көп, осы елдер көпке үлгі болып отыр. Ал біз неге олардан кем болуымыз керек?», – деді.

Қоғамда ілгері дамытып, жақсылықты насихаттауға ұмтылатын жастар патриот болуы тиіс деп санаймын. Елге пайдасын тигізетін оңды әрекеттер ғана жас қазақстандықтарды ортақ құндылықтар төңірегіне біріктіреді. Сондықтан, мызғымас елдің бір-



лікті жақтайтын азаматтары ретінде, Мемлекет басшысының идеясына қолдау білдіру – маңызды.

Мәселен, Ә.Сағынов атындағы ҚарТУ-де ескерткіштерге құрмет танытып, оны құндылық ретінде күтіп ұстау мақсатында акциялар жиі өтеді. Тарихи мұраларымызды сақтап қалу – қастерлі міндетіміз болғандықтан, жастарды елдің мүддесі жолындағы іс-шараларға жиі тартамыз. Халқымыздың дүниетанымына жат вандалдық бағыттағы идеологилардың үлкен қауіп төндіретінін ескертеміз. Акциялар жас ұрпақтың жасанды идеялар мен «жалған батырлардың» жетегіне ілесіп кетпеуіне бағытталады.

Жастардың құқықтық сауатының төмен болуы жағымсыз үрдістердің белең алуына әкеп соқтырады. Сондықтан, жастар арасында сауатты өрі дұрыс көзқарас қалыптастыру – маңызды.

Абай ҚАЛЫҚОВ,
облыстық мәслихаттың депутаты,
Қарағанды техникалық университетінің проректоры

• «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»

Акция: табиғатты аялайық

Күні кеше Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бірқатар облыс пен қала әкімдеріне аумақтарды абаттандыру, көгалдандыру жөнінде бірқатар тапсырма берді. Мұнымен қоса, жолдарды ретке келтіру міндетін жүктеді.

Қасымхан БҮРКІТҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мемлекет басшысы бұл жұмыстарға тұрғындар мен еріктілерді тұрақты түрде тарту маңызды екенін, елді мекендер мен қоғамдық демалыс орындарын күтіп-баптау әкімдер қызметін бағалаудың тағы бір өлшемі болатынын атап өтті.

Осы орайда елімізде «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы басталды. Әр жұма күні ел болып, табиғатты аялаймыз. Мұндай игілікті іске қарағандылықтар да бір кісідей жұмылады.

Ауқымы кең акцияның алғашқы аптасы «Таза өлке» деп аталады. Қарағанды облысының барлық аудан-қала, ауылдағы ел-жұрт жаппай өзінің ауласын, демалыс орындарын тазартты.

Тағы бір жалпы қалалық сенбілік 13 сәуір күніне жоспар-



ланып отыр. Осы орайда, қала тұрғындарының эоакцияға белсенді қатысуы сұралады.

Одан соң «Киелі мекен» апталығында аудан-қала аумағындағы тарихи-мәдени ескерткіштер абаттандырылады.

«Таза Қазақстан» экологиялық акцияның одан кейінгі науқаны – «Жасыл аймақ». Мұндағы міндет – ағаш егу. Одан кейін «Өнегелі

шаған органы қоқыстан тазарту мақсатында қолға алынып отыр. Күні кеше облыс әкімі Ермежанбет Бөлекпаев жұмыс күнін қа-

ұрпақ» апталығы. Бұл апталықта жас буын ардагерлер мен Қарттар үйінің ауласын жинап, қолғабыс жасайды.

Акцияның соңғы аптасы – «Мәлдір бұлақ» деп аталады. Акция – өзен-көлді, жалпы қор-

ланың тазалығын тексеруден бастады. Қазыбек би ауданының бірнеше ауласын жаяу аралаған аймақ басшысы аудан әкіміне ескерту жасап, енді үнемі көше, аула тазалығын қадағалайтынын жеткізген болатын.

• ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС

Тәуекелсіз іс тынбайды

Қазіргі таңда еліміздегі шағын және орта бизнес саласында еңбек ететін әйелдердің үлесі 43 пайыздан асып отыр. Осыған байланысты ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев олардың көктемгі мерекесі қарсаңында жолдаған бейнеүндеінде «Біз еліміздің дамуына белсене атсалысып жүрген осындай іскер аруларымызға жан-жақты қолдау көрсетеміз» деген болатын. Міне, абайлық жекке кәсіпкер Әлия Жұматаева да осы қатарға жатады.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Ат баспаймын деген жерін ұш басады» демекші, Қызылжардың қызы Әлия Жұматаеваның табаны Қарағанды топырағына екі рет тиген. Біріншісінде ол осындағы Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің экономика факультетіне оқуға түсіп, 1994 жылы оны бітіргеннен кейін ел жағында мамандығы бойынша жұмыс істейді. Екіншісінде 2008 жылы отбасымен Абай қаласына көшіп келіп, біржолға орнығады. Жұбайы Сайлау «Абай» шахтасына жұмысқа тұрып, өзі кәсіпкерлікпен айналысуға ниет қылып жүреді.

Ақыры осы ойын жүзеге асыру үшін 2015 жылы өзі жасаған бизнес-жоспарымен Абай ауданы әкімінің 1,8 миллион теңге грантына ие болып, Топар жылыжайларынан саңырауқұлақ цехын жалға алады. Мұның да себебі бар. Өйткені, өзінің туып-өскен Солтүстік Қазақстан өңірі саңырауқұлақтың шаңтерелла, россула, балдыркөк, тағы басқа түрлеріне өте бай болса, бұл аймақ дүкендері сөрелерінен поляк шампиньонынан басқасын көре алмағанына таң қалды. Сондықтан, саңырауқұлақтың түр-түрін осы жерде де өсіру мақсатында Саратов қаласында білімін жетілдіріп,



Алматыдан технолог шақыртып, іске кірісіп те кеткен. Бірте-бірте шаруасы алға басып, бұл кәсіппен 7 жыл үзбей шұғылданды. Бірақ, цехтың жалдау ақысы жыл сайын өсіп, оны тоқтатуға тура келді.

Осы жылдар ішінде Әлияның саңырауқұлақтарына сұраныс артып, оны өсірем деушілер шыға бастаған. Сондықтан, ол «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы арқылы «Қалалық фермер» оқу орталығын ашып, ісін жаңа бастағандар мен тәжірибесі аз кәсіпкерлерге жылыжай шаруашылығын жүргізудің қыр-сырын үйретуде. Оларға ықтимал қауіптер, форс-мажорлық жағдайлар, демпинг, өсімдік аурулары туралы

дәрістер оқып, бизнес-жоспар үлгілерін ұсынып, өз тәжірибесімен бөліседі. Өткен жылдың маусымында алғашқы 17 тыңдаушы осы курсты бітіріп шықты.

Әлия сонымен бірге, өзінің әуелдегі ісін жалғастырып, 2020

Әлия былтыр алған облыс әкімінің 3,8 миллион теңге грантына өндіріс көлемін ұлғайтуды көздеуде.

Кәсіпкер келіншек үйдегі үш баласынан бөлек ауданның қоғамдық өміріне қатысуға да уақыт тауып, өз үлесін қосып келеді.

жылы Абай қаласындағы бұрынғы шахтақұрылыс басқармасының қаңырап, қираған жылыжайының ғимаратын сенімді басқаруға алған болатын. Аумағы 1 мың шаршы метр болатын бұл сауаттығы қалмаған екен. Соны қалпына келтіріп, су, жылу, электр желілері мен тораптарын қайта жалғатып, қосқызуға қаншама күш жұмсап, соның негізінде 2022 жылы «Агрохорвест» жекеменшік кәсіпорнын құрды. Бүгінде аталған кәсіпорында қызғалдақ, қияр, көкөніс өсіріліп, 6 адам жұмыс істейді. Олар өткен жылы 10 мың тал қызғалдақ, 3 тонна қияр занақ пен 20 тонна қияр өндіріп, тұтынушыларға жөнелтіпті. Енді,

Мәселен, «Жәрдем» мүгедектер қоғамына көмектесіп, жыл сайын кембағал жандардың атаулы күні 9 қазанда оларға арнап дастарқан жаяды. Сол сияқты үстел тенниспен спорт шеберлігіне үміткер Әлия Жұматаева облыстық жарыстарда Абай ауданының намысын қорғап жүр. Осы және кәсіпкерлік қызметте оның алған мадақтамалары жеткілікті. Ең бастысы, ол тәуекелшіл жан. Қай іске болсын тәуекелмен бел байлап, қашан мақсатына жеткенше бір тынбайды. Және де сол тәуекелді түбі табыс әкелетінін жақсы түсінеді де.

Сурет автордан

Еске алу



Сүйікті анамыз Бәтима Қаппарқызы БУРНАЕВА-НЫҢ дүниеден өткеніне 40 күн толып отыр. Оған қоса әкеміз Рымбай РЫСБЕКОВТЫҢ де бақилық болғанына 14 жыл. Осыған орай қабырғамыз қайыса отырып марқұмдарды сағына еске аламыз.

Өмір деген осы екен ғой өтпелі,
Қырық күнде толды анамыз өткелі.
Марқұмға арнап Құран-қатым түсіріп,
Рухына бағыштаймыз көктегі.

Келмесіне көз жетті ғой анамыз,
Зиярат қып қабіріне барамыз.
Мұңға батып, қабырғамыз қайысып,
Сағынышпен есімізге аламыз.


Жарқын жүзі кетпес мәңгі көңілден,
Жандарды ойлап көз жасымыз төгілген.
Міне, биыл толады екен он төрт жыл,
Әкеміздің өткеніне өмірден.

Дәм мен тұзы таусылғанда адамның,
Раббысына қайтады екен ғаламның.
Жұмақ, пейіш төрі болсын мәңгілік,
Жатқан жері әкем менен анамның.

Сағынып еске алушылар: **балалары, немерелері, шөберелері мен жиендері.**

№121

Еске алу



Ардақты жар, балаларына асқар таудай әке, немерелеріне ақылшы ата бола білген Заманбай ИГЛІКОВТЫҢ де өмірден өткеніне 15 жылдың жүзі болды. Жарықтық тірі болғанда 10 сәуірде 95 жасқа толар еді.

Заманбай Игліков – 1929 жылы, 10 сәуірде Қарқаралы ауданы, Совет ауылында туған. Жастайынан еңбекке пісіп өскен ол отбасын бәрінен биік қойды.

Жалған дүниенің жылтырағына бой алдырмай, уақытының көп бөлігін отбасына арнады. Анамыз Төкен екеуі балапандарын қатарының алды қылып өсірді. Барлығын оқытты, өмірден өз орнын табуға барын салды. Адал еңбегімен асырап, қатарға қосты. Қарқаралы ауданының Құрметті азаматы атанды.

Шешеміз ауылда әкемізге деген пәк сезімін сөндірмей, шаңырақтың түтінін түтетіп отыр. Жақында 86 жасқа толады. Екеуі 52 жыл отасып, бақытты өмір сүрді.

Үш ұлы мен екі қызынан 12 немере, 10 шөбере өсіп-өніп, бүгінде бір қауым ел болды. Немере-шөберелері де ақыл-парасатты болып өсті. Атасының атына кір келтірген жоқ. Туған күні қарсаңында отбасымыздың тірегі болған әкемізді еске алып, құран-дұға бағыштау дәстүрге айналған. Жаныңыз жәннатта, тәніңіз рахатта болмай, әкетай!

Асқар таудай пана болған әкешім,
Кешіретін әр ісімнің қатесін.
Жылы жүзің жадымызда жаңғырып,
Ғасырлардан-ғасырларға жетесің!

Жүріп өттің мына өмірдің өрімен,
Жан-жүрегің жақсылыққа серік ең.
Жаратушым панасында жарылқап,
Орын берсін Пейіш бақтың төрінен!

Сағынып еске алушылар: жан жары – Төкен, балалары, немере-шөберелері.

т/б

• ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

Құтқарушылар көмекке аттанды

Облыста өткен аптада су тасқыны бәсеңдеді. Қазір жағдай тұрақты. Осыған байланысты қарағандылық құтқарушылар Солтүстік Қазақстан облысына көмекке аттанды. Бұл туралы облыстың төтенше жағдайлар департаментінің баспасөз қызметі мәлімдеді.



Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Облыстың төтенше жағдайлар департаментінің жеке құрамының 70 адамы, 11 техникасы, алты жазу құралы және 27 су айдау құралы Солтүстік Қазақстан облысына жіберілді. Құтқарушылар межелі жерге әлі жеткен жоқ. Олар өңірдің су тасқыны қауіпі бар учаскелерінде қажетті көмек көрсетеді. Еріген суды сорып, траншеялар салып, қап дайындап, бөгеттерді нығайтады, – дейді аталған департаменттің баспасөз қызметі.

Құтқарушылар Солтүстік Қазақстанға жетті. Оларға әзір нұсқау берілмейінше, жұмыс бастамайды. Әзірге орналасып жатыр. Жағдай қиындаған кезде қарағандылық құтқарушылар су басқан елді мекендерден халықты жедел құтқаруға және эвакуациялауға дайын.

Естеріңізге сала кетейік, Шахтерлер даңғылы, 64 мекенжайында орналасқан Қарағанды Достық үйінде Шет және Нұра аудандарында су тасқынынан зардап шеккендерге гуманитарлық көмек жинау пункті жұмыс істейді.

Е.Бөкетов Қарағанды университетінің экономика және заң факультеттері бакалавриат пен магистратураның келесі мамандықтары бойынша мамандар даярлайды:

«Т-кәсіпкерлік және шифрлық экономика», «Математикалық экономика, статистика және деректерді талдау» (информатика + математика), «Экономика», «Менеджмент», «Есеп және аудит», «Қаржы», «Мемлекеттік және жергілікті басқару», «Маркетинг және SMM», «Логистика», «Мемлекеттік аудит», «Әлемдік экономика», «Кәсіпкерлік және жобаларды басқару» (география + математика), «Туризм», «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі» (география + шет тілі), «Құқықтану», «Халықаралық құқық», «Сот және прокурорлық қызмет», «Кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеу», «Қылмыстық кінәсіздік жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл және экономикалық қауіпсіздік», «Мемлекеттік билік және басқару органдарының қызметін құқықтық қамтамасыз ету», «Бизнесі заңдық қамтамасыз ету», «Жеке құқық» (дүниежүзі тарихы + адам, қоғам, құқық). Мем.лицензия: KZ83LAA00018495, «ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ғылым және білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті» 28.07.2020 ж. берген, тел.: 8(7212)35-64-05, <https://buketov.edu.kz/>, priemka@ksu.kz

№100

Қарағанды облысы, Шахтинск қалалық соты Шахтинск қ. Свердлов көшесі, 12-үй, 1-пәтер мекенжайында тұратын Ерлан Ахметович Төлеубаевтың 17.07.1969 жылы Қарағанды қаласында туған, Шахтинск қаласы, Жеңістің 40 жылдығы көшесі, 63-үй, 63-пәтер мекенжайы бойынша тұратын азамат Асхат Ахметович Төлеубаевты қайтыс болды деп жариялау туралы өтініші бойынша азаматтық іс қозғады. Соңғы жұмыс орны «Казхстанская» шахтасы. Асхат Ахметович Төлеубаевты көрген-білгені туралы мәліметтері бар адамдарға Шахтинск қалалық сотының №7 кабинетіне судья Б.Р.Есенқожаеваға осы жазба жарияланған күннен бастап, үш ай ішінде хабарлауды сұраймын.

№120

2024 жылғы 16 сәуір, сағат 11:00-де Қарағанды қ., Әлиханов к-сі, 5 (кіші зал), ҚР ҰӘМ Қдмр Кар. облыстар, сайт, сондай-ақ Facebook (<https://www.facebook.com/dkrem.krg>) әлеуметтік желісі арқылы онлайн режимінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті «AlemGaz» ЖШС-нің баға белгілеуді қалыптастыру қағидаларына сәйкес ұсынылған сұйытылған сыйымды газды ГРУ арқылы бөлшек саудада өткізу қызметтеріне бағалық алдағы уақытта ұлғаюуы туралы ақпараттың қарау бойынша жария тыңдау өткізеді Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің 2017 жылғы 1 ақпандағы №36 бұйрығымен бекітілген қоғамдық манызы бар нарықтарда.

16 апреля 2024 года, в 11:00 часов, по адресу г. Караганда, ул. Алиханова 5 (малый зал), а также в режиме онлайн посредством социальной сети Facebook (<https://www.facebook.com/dkrem.krg>) элекронной сети Facebook (<https://www.facebook.com/dkrem.krg>), Департамент Комитета по регулированию естественных монополий министерства национальной экономики Республики Казахстан по карагандинской области проводит публичное слушание по рассмотрению информации ТОО «AlemGaz» о предстоящем увеличении цены на услуги розничной реализации сжиженного емкостного газа через ГРУ, представленной в соответствии с Правилами формирования ценообразования на общественного – значимых рынках, утвержденных приказом Министерства национальной экономики Республики Казахстан от 1 февраля 2017 года №36.

№80


43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны



Табиғат жанашырымен тамаша сұхбат

Қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің №1 балаларға қызмет көрсету филиалында қазыналы өлке Қарағанды қаласына 90 жыл толуына орай «Туған жердің табиғатын аяла» атты қоғам белсендісі Сәкен Келдібаевпен кездесу өтті.



Жан АМАНТАЙ, «Ortalyq Qazaqstan»

Дәл осы тақырыпқа сай кітапхана төрінде кітап көрмесі безендірілді. №16 мектептің 10 сынып оқушылары мен мектеп мұғалімдері де шараға атсалысты. Кездесу барысында қаламыздағы табиғатты қорғауға байланысты өзекті мәселелер талқыланып, олардың шешімі ортаға салынды. Өлкеміздегі ауа, су, жер, өсімдіктердің экологиялық жағдайлары қарастырылды. Бұл тақырып бойынша мектеп оқушылары да жеке пікірлерін айтып, ойларын білдірді.

Шараның мақсаты – балалардың табиғат туралы түсініктерін тереңдету. Табиғат тазалығын сақтауға, оны қорғауға үйрету. Экологиялық мәдениетке тәрбиелеу. Әр ата-ана баласына табиғаттың адамзат үшін құндылығын қарапайым тілмен түсіндіріп, өзі де соған әдеттенсе, қозғалыс сонда болмақ. Мысалы, көктемнің шыққанын білдірер ұзақ деген құстың келуі бір жаңалық. Оны «жыл құсы» деп те атайды. Ежелден қазақ халқы табиғатпен селбесе өмір сүрген. Осындай білгендерімізді жасөспірімдердің санасына сіңіре берсек, жеткіншек табиғат қадірін ұғынады, – дейді қалалық мәслихаттың экологиялық комиссия мүшесі Сәкен Сәбиденұлы.

Шараның соңында кітапханаға ұлт құндылықтарын сақтау мен насихаттауға бағытталған қазақ күнтізбесі сыйға тартылды. Расында, қоршаған ортаны қорғау, табиғатты тиімді пайдалану – адамзатқа, оның келешегіне жанашырлық. Мұндай шаралар балаларды табиғатты сүйуге, құрметтеуге үйретері анық.

• ФУТБОЛ

Алғашқы жеңіс үміт сыйлады

Футболдан Қазақстан Премьер-лигасының төртінші турында қарағандылық «Шахтер» өз алаңында «Астананың» қабилдәді. Жерлестеріміз бұл жолы жанкүйерлерді жерге қаратқан жоқ. Елордадан келген қонақтарды 1:0 есебімен жеңіп, алғашқы үш ұпайды еншіледі. Сөйтіп, бөркімізді аспанға атып жатырмыз. Бұлай қуануымызға себеп бар. Премьер-лиганың алғашқы үш турында да «Шахтер» жеңіліс тапқан еді. Үш рет қатарынан жеңілген соң еңсеміз түскен. Бұл жолғы сәттілікті отандық футболдың жанкүйерлері мен кәнігі сарашылары уақытша бапкерлікке Андрей Финонченконың келуімен байланыстырып отыр. Дегенмен, мәселе бапкерде ме, әлде, ойыншыларда ма? Немесе басқа да проблемалар бар ма? Шама-шарқымыз жеткенше талқылап көрейік. Өйткені, Премьер-лиганың қызығы енді басталды.

Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

«Шахтер» футбол клубының маусым басталғалы жеңіске жетіп тұрғаны осы. Үш кездесуде де ойсырай жеңіліп, жанкүйер көңіліне күдік ұялатқан. Екі жеңілістен кейін көбі әдеттегідей команда бапкері Игорь Солошенконы айыптады. Ақыры Игорь мырза өз орнын босатып тынды. Әлбетте, осындай сәттерде әуелі бапкер жауапты. Бірақ, Қазақстан футболының ардагері Юсуп Шадиевтің пайымы басқа. Ол команданың әлсіреуін мықты ойыншылардың басқа командаларға кетуімен байланыстырып отыр.

Финонченконың ойын мансабы өте жақсы болды. Мен оған осы лауазымда тек сәттілік тілеймін. Бірақ, менің ойымша, маусымның басында «Шахтердің» нашар нәтижелерінде Игорь Солошенконың кінәсі жоқ. «Шахтер» іс жүзінде жаңа команда болып жасакталғанын естеріңізден шығармаңыздар. Барлық негізгі құрам маусымнан тыс уақытта кетті. Клубтың

• ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА – 125 ЖЫЛ

Ғасыр ғұламасының ғибраты

Қазақстан геологтары ғылыми мектебінің негізін қалаушы, геология-минерология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан ғылым академиясын ұйымдастырушылардың бірі, әрі тұңғыш президенті, КСРО және Қазақ ғылым Академиясының академигі, Тәжікстан Ғылым Академиясының құрметті мүшесі, қоғам қайраткері, КСРО Мемлекеттік және Лениндік сыйлықтың лауреаты Қаныш Сәтбаевтың туғанына биыл 125 жыл толып отыр. Осыған орай Қарағанды қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене тәрбиесі және спорт бөлімінің қолдауымен Қарағанды қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі «Ғалымның сара жолы» атты кездесу кешін өткізді.

Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

Бұл кездесу кітапхананың Қарағанды қаласының 90 жылдық мерейтойына орай қолға алынған «90 жылдыққа – 90 кездесу» атты жобасының аясында жүзеге асып отыр. Тағылымды шараға Қ.Аманжолов атындағы балалар музыка мектебінің және Қ.Сәтбаев атындағы гимназия оқушылары мен Ә.Сағинов атындағы Қарағанды техникалық университетінің студенттері қатысты.

Кездесудің спикері болған Ә.Сағинов атындағы Қарағанды техникалық университетінің «Геология және пайдалы қазбалар кен орындарының барлау» кафедрасының аға оқытушысы, PhD докторы Света Иманбаева мен Қ.Сәтбаев атындағы гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Гүлзат Аймағанбетова Қаныш Сәтбаевтің ғылымдағы жолына тоқталып, балаларға молынан ақпарат берді.



Тағылымды мол шарада «Қазақ халқының ұлы ғалымы» және «Қ.Сәтбаевтің өмір жолы» бейнебаяны көрсетілді. Сонымен қатар, ақын-жазушылардың ғалымға арналған өлеңдері мәнерлеп оқылды. Сурет ұйымдастырушылардікі

• МӘДЕНИЕТ ОШАҚТАРЫНДА

Саябақ қызықтары шақырады

Көктемнің келуімен қатар Орталық саябақ өнерпаздарды шақырады. Бұл туралы Қарағандының саябақтар мен скверлер бөлімі хабарлады. Күннің жылынуына байланысты қаланың орталық саябағында серуендеушілер саны көбейгендіктен саябақ әнмен әрленіп, түрлі қызықтың орталығы болуы керек дейді мамандар.

Жан АМАНТАЙ, «Ortalyq Qazaqstan»

Біз қарағандылық музыканттарды, бишілерді, әртістерді, спорт клубтарын және басқа да шығармашылық ұжымдарды Орталық саябақ аумағында шаралар өткізуге шақырамыз. Өнер көрсетемін деген жастарға аландарды, электр энергиясын және басқа да жайлылықтарды тегін қамтамасыз етуге дайынбыз. Қаламыздың шығармашылық әлеуетін бірге дамытайық, – дейді саябақ басшылығы.

Бүгінгі таңда өнерпаз ұжымдар назарын аударар бұл хабарландыруға бейжай қарамайтындар қаншама. Сонымен қатар, саябақ төрінде ән салып, би билеген өнер-



паздарға да ұсынар қолдаулар баршылық. Тіпті, түрлі тренингтер мен би флеш-мобтары қала тұрғындарының басым көпшілігін қызықтырады. Олар әуенге қосыла шырқап, кәсіпқой бишілермен би

де билейтінін айтады саябақ басшылары. Демек, жақын арада Қарағандының Орталық саябағында қала тұрғындарын және қонақтарды түрлі шаралар мен концерттік бағдарламалар күтеді.

• ҮСТЕЛ ТЕННИСИ

Қоржында – 5 алтын

Қарағанды қаласындағы «Жастар» спорт кешенінде үстел теннисінен мүмкіндігі шектеулі жастар арасында Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті. Спорт бәсекесінде еліміздің түпкір-түпкірінен келген 9 команданың 45 спортшысы бақ сынасты.

Жарыс қорытындысында жалпыкомандалық есепте I орынға алты алтын медальмен Атырау облысының құрамасы ие болды. Ал, қоржынға бес алтын салған қарағандылықтар II орынға жайғасты. Үш алтын алған Түркістан облысы командасына III орын бұйырды.

Жерлестерімізден ұлдар арасында Ержан Амантай, Никита Макаренко, Әлинұр Қайратбек, қыздар арасында Елизавета Байбурина алтын еншіледі.

Спортшыларды тасымалдау, станциядан қарсы алу және инватаксимен жеткізіп салу жоғары деңгейде ұйымдастырылған. Еріктілердің де еңбегі ерекше болғанын атап өткен жөн.



• ТУРНИР

Жерлестер топ жарды

Чемпионаттың соңы «Жастар» спорт кешенінде мүмкіндігі шектеулі спортшылар арасында үстел теннисінен XII «Karaganda Open-2024» ашық республикалық турниріне ұласты.

Еліміздің аймақтарынан іріктелген 14 команда сапындағы 105 қатысушы турнирдің көркін кіргізді.

Бұл жолы жерлестеріміз облыс намысын лайықты қорғап, жалпыкомандалық есепте бірінші орынға ие болды. Нақтырақ айтсақ, облыс құрамасы қоржынына екі алтын, бес күміс, үш қола медаль ұстады.

Медаль саны бойынша екінші орын биігінен екі алтын, екі күміс, үш қоламен қостанайлықтар көрінсе, турнирдің үшінші сатысына екі алтын, екі қола медаль иеленген Атырау облысының командасы тұрақтады.

• ХОККЕЙ

Тартысты бәсеке жалғасуда

Қарағандылық «Сарыарқа» хоккей клубы ел чемпионатының плей-офф кезеңінде сырт алаңда «Ақтөбе» клубымен екі мәрте кездесті. Алғашқы ойында жерлестер жеңіске жетсе, екіншісінде алаң иелерінің мерейі үстем болды.

Осылайша сериядағы есеп – 1:1. Аталған серия ойындары бір команда төрт кездесуде жеңіске жеткенге дейін жалғасады. Қарағандылықтар бірінші кездесуінде алаң иелерінен 1:3 есебімен басым түсті.

Ал, қарымта кездесуде жерлестер қарсыластан айласын асыра алмады. Овертайм уақытында алаң иелері сапынан Владислав Арбузов мергендігімен көзге түсіп, «Ақтөбе» 3:2 есебімен жеңді.



Дайындаған Жәлел ҚУАНДЫҚҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan» Суреттер ашық дереккөзден

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Сауатқа Ақпарат» ЖШС

Директор –
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА
Директордың орынбасары –
Оксана Вячеславовна МЯГКОВ

Бас редактор –
Е.К. МУСАБЕК
Бас редактордың орынбасары –
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы –
Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Призерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шақтық, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген (R)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № KZ18VR00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalay.kz@gmail.com; ortalay.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalay.kz.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJБKZХХ БИН 000840001412

Таралымы 5 508

№ 39 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Кәлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің көпмәтәлірі органында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Ерік НАРЫН**